



IQAA

**БІЛІМ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ БОЙЫНША
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ - IQAA**

**СЫРТҚЫ АУДИТ
ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕП
«СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ
ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІК**

**6B01505 - «БИОЛОГИЯ МҰҒАЛІМДЕРІН
ДАЙЫНДАУ» / 5B011300 - «БИОЛОГИЯ»**

БАҒДАРЛАМАНЫ АККРЕДИТТЕУ

Нур-Сұлтан 2020

Эксперттік топ



Коржумбаева Марал Беркеловна

Топ жетекшісі

“Болашақ” академиясы, “Педагогика және психология”
кафедарасының меңгерушісі, п.ғ.к.



Ерошенко Василий Иванович

Халықаралық эксперт

«Экология және табиғатты қолдану» кафедрасының меңгерушісі,
Мәскеу мемлекеттік педагогикалық университеті, п.ғ.к.



Исаев Ғани Исаевич

Эксперт

Қожа Ахмет Яссауи университеті, “Биология” кафедра
меңгерушісі, т.ғ.к., доцент



Базарғалиева Алия Айдархановна

Эксперт

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, «Биология»
кафедрасының доценті, б.ғ.к



Муканова Роза Жумкеновна

Эксперт

Химия және география мамандығының жетекшісі, Павлодар
мемлекеттік педагогикалық университеті, х.ғ.к., доцент



Бекенова Меруерт Садуовна

Жұмыс берушілер өкілі

№2 Ш.Уалиханов атындағы жалпы орта мектебі директорының
оқу ісі жөніндегі орынбасары



Дауренова Зарина

Студенттер өкілі

М. Әуезов атындағы ОҚМУ, «География» мамандығының 4
курс студенті

Әр стандарт бойынша 6B01505 Биология мұғалімдерін даярлау/5B011300 Биология білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебінің нақты деңгейге сәйкестігі

Стандарттар	Әр стандарт бойынша өзін-өзі бағалау есебінің нақты деңгейге сәйкестігін белгілеңіз			
	Толық сәйкестік	Елеулі сәйкестік	Ішінара сәйкестік	Сәйкес келмейді
<i>Стандарт 1</i> Білім беру бағдарламаларының мақсаттары және сапаның қамтамасыз ету саласындағы саясат	+			
<i>Стандарт 2</i> Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару	+			
<i>Стандарт 3</i> Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау		+		
<i>Стандарт 4</i> Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау		+		
<i>Стандарт 5</i> Профессорлық – оқытушылық құрам		+		
<i>Стандарт 6</i> Оқу ресурстары және студенттерді қолдау	+			
<i>Стандарт 7</i> Жұртшылықты ақпараттандыру		+		

Мазмұны

1 ТАРАУ. МӘТІНМӘН МЕН САПАРДЫҢ МАҚСАТЫ	
Кіріспе	5
ЖОО-ның негізгі сипаттамасы.....	6
2 ТАРАУ. САРАПШЫЛАР ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕБІ	
Мамандарылған (бағдарламалық) аккредиттау стандарттарына сәйкестік	
Кіріспе	7
Стандарт 1	
Білім беру бағдарламасының сапанын қамтамасыз ету саласындағы саясат.....	8
Стандарт 2	
Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту, ақпараттарды басқару....	13
Стандарт 3	
Студентке бағытталған оқыту, білім беру және бағалау.....	17
Стандарт 4	
Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау.....	22
Стандарт 5	
Профессорлық – оқытушылық құрам	26
Стандарт 6	
Оқу ресурстары және студенттерді қолдау	30
Стандарт 7	
Жұртшылықты ақпараттандыру.....	34
3 ТАРАУ	
ҚОРЫТЫНДЫ	38
ҚОСЫМШАЛАР	
Қосымша 1	
Сыртқы бағалаудың бағдарламасы	40
Қосымша 2	
Сұхбатқа қатысқандардың тізімі	42
Қосымша 3	
ЖОО-да қосымша қарастырылған құжаттар.....	46

1 ТАРАУ МӘТІНМӘН МЕН САПАРДЫҢ МАҚСАТЫ

Кіріспе

Сырдария университетінің мамандандырылған аккредиттеу процедурасы шеңберінде сарапшылар тобының сыртқы сапары 2020 жылдың 12-13 қазан аралығында өтті.

Сыртқы аудит IQAA жасаған және университет әкімшілігімен келісілген бағдарламаға сәйкес жүргізілді. Жұмысқа қажетті барлық материалдар (сапар бағдарламасы, университеттің білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебі, мамандандырылған аккредиттеу процедурасы бойынша сыртқы бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық) сараптама тобының мүшелеріне білім беру ұйымына барар алдында таныстырылды, бұл сыртқы бағалау процедурасына уақытылы дайындалуға мүмкіндік берді.

Университет басшылығымен кездесу сарапшылар тобына университеттің жалпы сипаттамасын, соңғы жылдардағы жетістіктер мен білім беру бағдарламаларын және жалпы университеттің даму перспективаларын алуға мүмкіндік берді.

Сыртқы сапарда жоспарланған іс-шаралар университеттің құрылымымен, оның материалдық-техникалық базасымен, кафедра профессор-оқытушылар құрамымен, студенттермен, магистранттармен және докторанттармен, университеттің түлектерімен, жұмыс берушілерімен толығырақ танысуға ықпал етті және сыртқы сарапшыларға білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебінің деректерінің нақты сәйкестігін тәуелсіз бағалауға мүмкіндік берді.

Университеттің білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебінде көптеген ақпарат бар, мұнда университеттің барлық бағыттары мен құрылымдық бөлімшелері мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына сәйкес талданады, күшті және әлсіз жақтары анықталады, қауіп-қатерлер мен одан әрі дамудың мүмкіндіктері анықталады.

Оқу, ғылыми-әдістемелік процестерді, материалдық-техникалық және оқу-зертханалық базаларды ұйымдастыру туралы жалпы түсінік алу, оның стандарттарға сәйкестігін анықтау, сондай-ақ олардың жұмыс орындарында студенттермен және қызметкерлермен байланыс орнату мақсатында визуалды тексеру жүргізілді. Сарапшылар бөлімдерді, бөлімдер мен орталықтарды, кітапхана, фельдшерлік-акушерлік пункт, спортзал, жазғы спорт алаңы және денсаулығына байланысты студенттерге арналған жаттығу бөлмелерін және т.б. қарап шықты.

Сыртқы аудитті өткізу барысында сарапшылар кафедралардың құжаттамасын зерделеді және жұмыс барысымен, оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз етумен толығырақ танысу мақсатында аккредиттелген бағдарламалар бағытындағы кездесулерге қатысады.



Сыртқы аудит бойынша есеп - IQAA

Университеттің негізгі сипаттамалары

«Сырдария» университеті жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 1998 жылдың 27-ші шілдесінде Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің №408 бұйрығымен құрылған. 1998 жылдың 5-наурызында Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті, Мақтаарал ауданының Әділет басқармасында заңды тұлға ретінде тіркелді. 2002 жылы 12-ақпанда Білім берумен шұғылдануға арналған ААН 000169 сериялы лицензиясы, 2010 жылы 28-қыркүйекте жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру қызметін жүргізу құқығы беріліп, АБ№ 0137474 сериялы лицензия негізінде қызметін атқаруда. Университет ректоры қызметін Мамраимов Серік Дәулетұлы атқарады. «Сырдария» университеті мемлекеттік лицензияға сәйкес мемлекеттік тапсырыс және ақылы негізде күндізгі, қашықтықтан оқыту қысқартылған нысандары негізінде білім беру қызметін көрсетеді.

Университетте 5 оқу ғимараты, өндірістік практика өткізуге арналған инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы, жылыжай, 4 кітапхана, 500 орындық «Студенттер сарайы», 320 орындық жатақхана бар.

Университет білім алушыларының оқу, әдістемелік, ақпараттық, анықтамалық материалдар, өзіндік тапсырмалар орналасқан білім беру порталына кіру үшін өздерінің есептік жазбалары бар. Профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер Platonus, Cisco Webex және Instagram, WhatsApp және Facebook Messenger платформалары арқылы қашықтықтан оқыту жүйесін жүзеге асырады және студенттермен ұдайы кері байланысты ұйымдастырады тексеру барысында анықталды.

Заңды және нақты мекен-жайы

160500 Қазақстан Республикасы,

Жетісай қ., К. М. Әуезов, 14.

Телефон: 8 (72534) 6-14-63, 6-14-27

Факс: 8 (72534) 6-14-63, 6-20-08

Электрондық пошта: info@sirdariya.kz, sirdariya@gmail.com.



2 ТАРАУ САРАПШЫЛАР ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕБІ

Kіріспе

Қазіргі күнде университетте білім беру қызметі 27 бакалавриат және 6 магистратура білім беру бағдарламалары бойынша жүзеге асырылуда, барлық білім беру бағдарламалары бойынша дайындық мемлекеттік тілде жүргізіледі.

2018 жылдың қараша айында ИСО 9001-2015 ХС талаптарына сәйкес сертификаттаушы орган Түрік стандарттар институтының «TSE» университеттің үрдістерін жүйелі түрде және сапалы жүргізу мақсатында енгізілген сапа менеджменті жүйесін сараптап, сыртқы аудиттен сәтті өтуіне байланысты №KY6144/10-R15 және IQNET № TR-KY-6144/10-R15 сертификаттары берілген.

Университет студенттері республикалық пәндік олимпиадаларға, ғылыми конференцияларға, әртүрлі спорттық жарыстарға қатысып жеңімпаздары мен жүлдегерлері атанған. sirdariya@mail.ru, sirdariya@gmail.com).

Аккредиттелетін білім беру бағдарламасының түлектері білім беру мекеме-лерінің (аймақтың колледждерінің, жоғары оқу орындарының) профессор-оқыту-шылары мен ғылыми-зерттеу орталықтарының қызметкерлері, білім басқармалары мен бөлімдері және т.б. қызметкерлері болып жұмыс істейді. Университет білім алушыларының оқу, әдістемелік, ақпараттық, анықтамалық материалдар, өзіндік тапсырмалар орналасқан білім беру порталына кіру үшін өздеріне есептік жазбалар берілген. Профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер Platonus, Zoom, Cisco Webex және Instagram, WhatsApp және Facebook Messenger платформалары арқылы қашықтықтан оқыту жүйесін жүзеге асыруды және студенттермен ұдайы кері байланысты жүзеге асырып отырады.

2018-2019 оқу жылында университет институционалдық аккредиттеу шеңберінде постмониторингтен өткен, сертификат мерзімі 2021 жылға дейін ұзартылған.

Қазақстан Республикасының салық төлеушілерін жалпы мемлекеттік саралаудың қорытындысы бойынша "Сырдария" университеті "Сала көшбасшысы -2019" марапатының иегері атанған. "Қазақстан Республикасы кәсіпорындарының ТОП-25" рейтингісінде "Мемлекеттік қазынаға қосқан үлесі" көрсеткіші бойынша 16-шы (Күміс), ал "Сенімді салық төлеуші" көрсеткіші бойынша Қазақстандағы кәсіпорындар арасында 17-ші (Күміс) орынды иеленген.

6B01505 - «Биология мұғалімдерін дайындау» / 5B011300 - «Биология» білім беру бағдарламасын мамандандырылған аккредиттеуден өтуге өзін-өзі бағалау есебін дайындау барысында қажетті мәліметтер жинақтап, нақты талдау жүргізген, IQAA-дың жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын аккредиттеу нұсқауы (2020 жыл) негізінде жазылған және жүйелі, нақты, шынайы мәліметтер жинақталып дайындалған.

Стандарт 1. Білім беру бағдарламасының сапанын қамтамасыз ету саласындағы саясат

Дәлелдемелер және талдау

6B01505 - «Биология мұғалімдерін дайындау» / 5B011300 - «Биология» білім беру бағдарламаларының мақсаттары еңбек нарығының талаптарына негізгі және қосымша оқу траекторияларында өзін жүзеге асыруға қабілетті ұлттық біліктілік жүйесіне сәйкес биология саласында ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауға бағытталған.

6B01505 - «Биология мұғалімдерін дайындау» / 5B011300 - «Биология» білім беру бағдарламаларының мақсаттарының жоғары оқу орнының миссиясына, стратегиялық жоспарына, мақсаттары мен міндеттеріне, өзекті біліктілік пен құзыреттілік алуға студенттердің сұранысын қанағаттандыруға сәйкестігі бар. Білім беру бағдарламасын іске асырудың тартымдылығы мен тиімділігі есептік кезеңдегі жұмысқа орналасуы 6B01505 - «Биология мұғалімдерін дайындау» / 5B011300 - «Биология» білім беру бағдарламасының түлектері білім беру-тәрбиелік, ұйымдастыру-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және кәсіби қызметтің коммуникативтік түрлерін жүзеге асырады.

ҚР Еңбек кодексіне сәйкес (ҚР Еңбек кодексі 32-бабы 1-тармағының 3) тармақшасы) еңбек шартын жасау кезінде үміткер жұмыс берушіге тиісті білімді, машық пен дағдыны талап ететін жұмысқа еңбек шартын жасасу кезінде білімі, біліктілігі туралы, арнайы білімі немесе кәсіптік даярлығының болуы туралы құжатты дайындау арқылы ұсынып отырған.

Жұмыс берушілердің жауаптарын талдау барысында ЖОО білім беру қызметі сапасының бар екені анықталды. Оған дәлел ретінде кафедрадағы ПОҚ біліктілік деңгейі, материалдық-техникалық базасы, оқу үдерісін ақпараттық қамтамасыз етуі, ғылыми-әдістемелік деңгей және білім алушылардың білімін бағалау жайын атап өтуге болады. Еңбек нарығында талап ету критерийіне сәйкес түлектердің 75 пайыздан жоғары көрсеткішпен жұмыспен қамтылуы білім беру бағдарламасының мемлекеттің экономикасын дамытуға ішінара және еңбек нарығының сұранысына жалпы сай келетінін көрсетеді.

Сапа саясатының мақсаттарына қол жеткізу және іске асыру механизмдерін қамту мақсатында «Platonus» автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне және білім беру процесінің барлық қатысушыларының ақпараттануын қамтамасыз ететін "сабақ кестесі", "оқу жоспары", "оқытушының жеке кабинеті", "студенттің жеке кабинеті", "қашықтықтан оқытуды сүйемелдеу" модульдері қарастырылған.

БББ мақсаттарын анықтау және оны жүзеге асыру сапасын қамтамасыз ету үшін кафедра тарапынан модульдік қағидатқа сәйкес білім беру бағдарламалары, оқу жоспарлары, оқу пәндері жасақталған. БББ оқыту



Сыртқы аудит бойынша есеп - IQAA

кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидалары (ҚР БЖҒМ 2018 жылы 12 қазандағы №563 бұйрығымен) бекітілген. Оны кұруда факультет ұжымы мен кафедрның профессорлық-оқытушылық кұрамы катысқан. Студенттерге бiлiм беруде оқытудың тиiмдi инновациялық технологиялары қолданыс тапқан.

6B01505 - «Биология мұғалiмдерiн дайындау» / 5B011300 - «Биология» бiлiм беру бағдарламасы ұлттық деңгейде қабылданған нормативтiк талаптарға, *МЖМБС талаптарына* сәйкес келедi. БББ-сы ҚР Үкiметiнiң 31.10.2018 ж. №604 Бұйрығымен бекiтiлген ҚР «Жоғары бiлiм берудiң мемлекеттiк жалпыға мiндеттi бiлiм беру стандартына» сәйкес кұрастырылған. Ол мақсаттарды, күтiлетiн нәтижелердi, бiлiм беру үдерiсi мазмұнын және жүзеге асыру технологиясын, дайындық (мамандық) бағыты бойынша бiтiрушiнiң дайындық сапасын бағалауды регламенттейдi.

БББ-ның сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясатын қалыптастыру мен қолдау талабына орай кафедра өз қызметiн оқу-әдiстемелiк басқармасы, тiркеу офисi және т.б. кұрылымдық бөлiмдерiмен тiкелей байланыста жүзеге асыруды оңтайлы жолға қойған. БББ сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясатын қалыптастыру, қолдауға әкiмшiлiк, ПОҚ және студенттердiң қатысымы жүзеге асырылған. БББ қолжетiмдiлiгi студенттерге бiлiм алудың жеке траекториясын кұруына мүмкiндiк бередi: оқытылатын пәннiң оқытушысын, ғылыми жетекшiнi таңдауы, оқу курстарын пәннiң оқу-әдiстемелiк кешенiн, кейстер, кiтапхананың ресурс қорын пайдалана отырып өз бетiнше меңгеруi, ОСӨЖ барысында оқытушылардын, ғылыми жетекшiден кеңес ала алуы, өзiнiң академиялық рейтингiн көре алуы, т.б.

Оқу бағдарламасы - әрбiр оқу пәнi (сабақ) бойынша меңгерiлуге тиiстi бiлiм, шеберлiк, дағдылар мен бiлiктiлiктiң мазмұны мен көлемiн айқындайтын бағдарлама ҚР «Бiлiм туралы» Заңының 1-бабын (45-тармағы). Мамандықтар бойынша кәсiптiк оқытудың мазмұны пәндер және оқу қызметiнiң немесе модульдерiнiң әр алуан түрлерi бойынша үлгiлiк және жұмыс оқу бағдарламалары түрiнде талаптарға сай әзiрленген. Оқу жұмыс бағдарламасы нақты оқу пәнi/ модульi немесе кәсiптiк практика бойынша бiлiм алушының дайындық деңгейi мен мазмұнына қойылатын талаптарды жүзеге асыру арқылы анықталған.

6B01505 - «Биология мұғалiмдерiн дайындау» / 5B011300 - «Биология» БББ-ның түлектерiнiң еңбек нарығында қажеттiлiгi талапқа сай. Оған университеттiң бiлiм беру қызметiнiң сапалық деңгейi және жергiлiктi жердегi бiлiм беру мекемелерiнiң биология пәнiнiң маманымен қамтылуы дәлел болады.

6B01505 - «Биология мұғалiмдерiн дайындау» / 5B011300 - «Биология» бiлiм беру бағдарламасының арнайы ерекшелiгiн арттыру үшiн элективтi пәндер жасалған. Элективтi пәндер каталогы (ЭПК) жұмыс берушiлердiң пiкiрлерi мен тiлектерiн ескере отырып қалыптастырылған және тұрақты түрде қайта қаралған: «Өсiмдiктер анатомиясы мен морфологиясы», «Жаңартылған бiлiм беру аясында қолданылатын әдiстер», «Биологиялық



Сыртқы аудит бойынша есеп - IQAA

есептер шығару әдістемесі» және т.б. ЭПК БББ оқу жоспары негізінде, базалық (БП) мен кәсіптік пәндер(КП) таңдау компонентін есепке ала отырып, әр жаңа оқу жылында жаңартылған.

БББ-ның өзгермелілікке ілесу міндетінің жүзеге асуы оның мазмұнын талқылауға аймақтағы жұмыс берушілердің қатыстырылуында: «Жаратылыстану ғылымдары» кафедрасы Ғ. Мұратбаев атындағы Жетісай гуманитарлық-техникалық колледж, «Тұран» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (КММ), №6 Б. Момышұлы жалпы орта мектеп (КММ), №2 Ш. Уалиханов атындағы жалпы орта мектеп (КММ), №1 М. Горький атындағы №1 мектеп-гимназия, «Дарын мектеп - интернаты» (КММ), №122 жалпы орта мектеп, (КММ), №16 жалпы орта мектеп, КММ-мен 2015 жылдан бастап бірге жұмыс жүргізіп келген. Электив пәндер тізімін анықтауда, практика базасы ретінде, түлектерді қорытынды аттестаттауға қатысқан.

№2 Ш. Уалиханов атындағы жалпы орта мектеп, КММ келісімшарт негізінде 6B01505 - «Биология мұғалімдерін дайындау» / 5B011300 - «Биология» білім беру бағдарламалары бойынша дуальды оқыту жүйесі ұйымдастырылған. Бұл арқылы түлектердің жұмысқа орналасу мүмкіншіліктері арттырылған. Бітіруші жас түлектер жұмыс берушінің талаптарына толық жауап беруі тиіс екені қатерге алынған. Дуальды оқыту бойынша аталған мекемемен «Биологияны оқыту әдістемесі», «Бағалаудың өлшемдік технологиялары» пәндері бірлесіп жүргізілген.

Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін арттыру және білікті мамандарға тапсырыстарды қанағаттандыру мақсатында жыл сайын "Бос жұмыс орындар жәрмеңкесі" өткізіледі, оған ауданның білім бөліміне қарасты мектептер мен мемлекеттік мекемелердің басшылары қатысқан. "Дипломмен ауылға", "Жастар тәжірибесі", "Жұмыспен қамту 2020 жол картасы" мемлекеттік бағдарламалары жүзеге асырылған.

Сыртқы және ішкі бағалау нәтижелері университеттің даму стратегиясы мен берілген миссиясын жүзеге асыру аясында басқару шешімдерін қабылдау және түзету үшін негіз болып Университетте жүргізілген анкеталық-сауалнама туралы мәліметтер қорытындылары кіреді sirdariya@mail.ru. Сапа саясатының мақсаттарына қол жеткізу және іске асыру механизмдерінің қатарына «Platonus» автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне және білім беру процесінің барлық қатысушыларының ақпараттануын қамтамасыз ететін "сабақ кестесі", "оқу жоспары", "оқытушының жеке кабинеті", "магистранттың жеке кабинеті", "қашықтықтан оқытуды сүйемелдеу" модульдері кіреді.

Студенттердің білімін бақылау мен бағалауға арналған аралық аттестация 2019-2020 оқу жылына бекітілген Академиялық күнтізбеге сәйкес жүзеге асырылады. Университеттің ҒК шешімімен (31.10.2017 №2 хаттамасы) білімді бақылаудың «тест-ауызша-жазбаша» нысандары бойынша пайыздық мөлшері белгіленген, емтихандардың тоқсан пайызы сыртқы бақылау мен білімді бағалауға аударылған.



Сыртқы аудит бойынша есеп - IQAA

Білім беру бағдарламаларының тиімділік көрсеткіші оқу сапасы мен бакалаврдың үлгерімі болып табылады. Білім беру бағдарламаларының динамикасы туралы элективті пәндер каталогының мазмұны куәландырады, ол сыртқы ортаның өзгеруін және еңбек нарығының талаптарын ескере отырып үнемі жаңартылып отырылған. Пәндердің жаңартылу жайы - **БП**: оқу жылы - электив пәндердің барлығы (оның ішінде жаңартылғаны): 2015-2016 о.ж. – 33 (2); 2016-2017 – 33 (1); 2017-2018 -35 (2); 2018-2019 - 35 (1); 2019-2020 – 38 (1); **КП**: 2015-2016 о.ж. – 33 (1); 2016-2017 – 33 (2); 2017-2018 -35 (2); 2018-2019 - 35 (2); 2019- 2020 – 38 (3).

ЭПК жұмыс берушілердің пікірлері мен тілектерін ескере отырып қалыптастырылғаны және тұрақты түрде қайта қаралатыны көрініс тапқан:(2015-2016 ж.ж.) «Жеке даму биологиясы», «Өсімдіктер анатомиясы мен морфологиясы», «Өсімдіктер систематикасы», (2016-2017ж.ж.) «Иммунология», «Молекулалық биология», «Адам және жануарлар физиологиясы», (2017-2018 ж.ж.), «Экобиотехнология», «Экологиялық биология», «Микробиология және вирусология», (2019-2020 ж.ж.) «Жердегі органикалық дүниенің дамуы», «Биотехнология», «Жаңартылған білім беру аясында қолданылатын әдістер», «Биологиялық есептер шығару әдістемесі» т.б. БББ-сын сапалы дайындау мақсатында және жұмыс берушілердің сұранысы бойынша жаңартылған.

ПОҚ және білім алушылар академиялық адалдық пен корпоративтік этика қағидаларын сақтауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу шараларына ерекше көңіл бөлінген: принциптерді таныстыру және қол жетімділік бойынша шаралар жүйесі, студенттердің сабаққа қатысуын бақылау, білімді бағалау, шағымдарды қарау, қаржы саясатын жүзеге асыру, ішкі жұмысты ұйымдастыру жүйесі (кураторлар, эдвайзерлер, кафедра меңгерушісі және факультет деканы қолдау қызметтеріне дейін, өзін-өзі басқару органдарына дейін кері байланыс арналарына дейін). sirdariya@mail.ru.

Мақсаты университетте өзара сыйластық, мейірімділік, ғылыми және шығармашылық ынтымақтастық атмосферасын құру болып табылатын академиялық адалдықты қолдау бойынша корпоративтік этика кодексі әзірленген. ПОҚ, қызметкерлердің Ар-намыс кодексі www.sirdariya.kz сайтына және жоғары оқу орнының регламентіне енгізілген.

Аралық бақылау және емтихан сессиясы кезінде Академиялық адалдық ережелеріне сәйкес тест орталығында комиссия ПОҚ қатарынан кезекшілікті, аудиториялар бойынша кезекшілікті жүзеге асырған. Жастар комитетінің мүшелері "Таза сессия" акциясы үшін белсенді көмек көрсеткен. Талап бұзушылық фактісі анықталған жағдайда білім алушының сессияда алған нәтижесі жойылатыны және акт жасалатыны қарастырылған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес негізінен оның себептерін жоюда сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны, оны іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын қалыптастыру, іске асыру, мониторингілеу бойынша белсенді қызметке бағытталған.



Сыртқы аудит бойынша есеп - IQAA

Студенттердің ПОҚ-мен және ректормен әртүрлі мәселелер, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық мәселелері бойынша кездесулер үнемі өткізіліп тұрады. ЖОО басшылығының қол жетімділігі және оқытушылар мен магистрант-тармен кері байланыс университет ректорының блогы арқылы қамтамасыз етіледі. (www.sirdariya.kz), оқытушылар мен магистранттардың жеке беттері «Platonus» автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне енгізілген.

Университетте жазбаша жұмыстарды плагиатқа тексеру "Антиплагиат" лицензиялық бағдарламасында жүргізілген (<https://antiplagiat.kz>. №2258 соңғы лицензиялық шарт) 27 ақпан 2020 жылдан Москва қ. «Антиплагиат» акционерлік қоғамының бас директоры Фунтов Виталий Анатольевичпен жасаған келісімшарт негізінде жүргізіліп келген. Келісімшарттың әр оқу жылында жаңартылуы қарастырылған. Университет магистранттары, оқытушыларының "жазбаша жұмыстарды тексеруді жүргізу ережелері" бекітуімен оқу және ғылыми қызметтің ұйымдастырылуы мен сапасын жақсарту мақсатында жазбаша жұмыстардың өз бетінше орындалуын тексеру тәртібі анықталған және өзіндік есепте 11 қосымшада тіркелген.

28.08.2019 жылы «Сырдария» университеті студенттерінің, "жазба жұмыстарын тексеру жүргізу ережесі" бекітілген. «Сенім жәшігі» жұмыс істейді, мәліметтер университет сайтында орналастырылған. www.sirdariya.kz

Аталған механизмдермен қатар әрбір білім алушы мен оқытушы проректорлар, декан, кафедра меңгерушісіне, бөлімше басшыларына жұмыс режимінде, қабылдауға жазылмай және туындаған мәселелерді жедел шеше алады. Университет ректоры бекітілген кестеге сәйкес жеке сұрақтар бойынша қабылдауды жүзеге асыратыны оңтайлы орын алған.

Білім беру бағдарламасына тиесілі ақпараттар университеттің арнайы сайтында <http://sirdariya.kz>, білім порталында «Platonus» автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде салынған және профессор-оқытушылар мен студенттер үшін қолжетімді. Сонымен қатар білім алушылар порталда элективті пәндер каталогымен, білім бағдарламасы бойынша оқудың негізгі ережелерімен және талаптарымен толықтай таныса алады.

Оң тәжірибе: Білім беру бағдарламасының қала, облыс және республиканың қоғамдық өміріндегі оң академиялық имиджі. Жеке тұрақты біліктілігін арттыру жүйесінің болуы. Білім беру бағдарламасының ЖОО миссиясына сәйкестігі. Элективті пәндердің тұтынушылармен келісілімділігі. Дуалды оқыту жүйесінің енгізілуі және студенттерді үш тілде оқытудың мүмкіндігінің болуы. Өңір үшін биолог мамандарды мақсатты даярлау.

Білім беру бағдарламасының бірінші стандарт бойынша сәйкестік деңгейі: 6B01505 - «Биология мұғалімдерін дайындау» / 5B011300 - «Биология» білім беру бағдарламаларының мақсаттары мен сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты – **толық сәйкестік.**

Стандарт 2. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту, ақпараттарды басқару

Дәлелдемелер және талдау

6B01505 - «Биология мұғалімдерін дайындау» / 5B011300 - «Биология" білім беру бағдарламалары МЖМБС талаптарына орай, үлгілік оқу жоспарларына, бағдарламаларға және университеттің ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа ала отырып, жұмыс оқу жоспарлары арқылы іске асырылып келген. Мақсаттарды, күтілетін нәтижелерді, білім беру үдерісі мазмұнын және жүзеге асыру технологиясын, дайындық (мамандық) бағыты бойынша бітірушінің дайындық сапасын бағалауды регламенттейді.

Үздіксіздік, сабақтастық және бейімділік қағидаларын есепке ала отырып құрастырылған жұмыс оқу жоспарлары пәндердің тізімін, кредиттер санын, семестр ұзақтығын, сабақ формаларын және бақылау түрін қамтиды.

БББ әзірлеу кезінде ғылымилық, теориялық және кәсіби-бағыттылық талаптар сақталған және олар негізінен кәсіби және әлеуметтік күзiреттiлiктергi сәйкес келедi.

Білім беру бағдарламасы мақсатқа нарықтың талабына сай келетін материалдық-техникалық база болғанда, оны тиімді пайдаланғанда, ақпараттық-коммуникациялық қор мен ББ бағдарламаларын өз мәнінде жүзеге асыратын адам қоры болған жағдайда жете алады. 6B01505 - «Биология мұғалімдерін дайындау» / 5B011300 - «Биология" білім беру бағдарламалары материалдық-техникалық, ақпараттық-әдістемелік және кадр әлеуеті ЖОО қойылатын талаптарға сай келеді.

БББ бойынша оқу жұмыс жоспарымен сәйкес білім беру үрдісін ұйымдастыру және өткізу үшін әр оқу жылына оқудың барлық түрі үшін академиялық күнтізбе жасалынып, келісіліп, маусым айында Университеттің Ғылыми кеңесімен бекітілген.

Күндізгі оқу бөлімі бойынша академиялық күнтізбе (АК) оқу жылына жасалынған және ол 2 міндетті семестр (15 апта академиялық кезең) мен 1 қосымша семестрді (жазғы) қамтиды. Әр семестрдің соңында аралық аттестацияны тапсыру үшін емтихан сессиясы белгіленген, оның ұзақтығы бакалавриат үшін 3 аптадан кем емес. Бакалавриатта сырттай оқу түрі бойынша АК оқу жылына жасалынған және оқудың барлық курстары үшін 2 сессияны, бітіру курсына қорытынды мемлекеттік аттестация үшін сессияны қамтиды.

Кафедра жоғары білім мамандықтары шеңберінде, Ұлттық біліктілік аясында, кәсіптік стандарттарға сәйкес және Дублин дескрипторлары мен Еуропалық біліктілік шеңберіне үйлестірілген БББ өз бетінше әзірлеген. Құзыреттерге негізделген ББ жоғары кәсіптік білім беретін ҚР МЖМБС, салалық стандарттарға, кәсіптік стандарттарға, университеттің материалдық-техникалық базасына, арнайы оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттер мен



Сыртқы аудит бойынша есеп - IQAA

калыптасқан Еуропалық жоғары білім беру тәжірибелеріне, жұмыс берушілердің, бітірушілердің талаптарына сәйкес дайындалған (Қосымша 3).

Дублин дескрипторларына сәйкес білім беру бағдарламасында студентке орталықтандырылған оқытуды айқындайтын: құзыреттер, құзыреттіліктер және тәжірибеге бағытталған күтілетін нәтижелер анықталған.

6B01505 - «Биология мұғалімдерін дайындау» / 5B011300 - «Биология» білім беру бағдарламалары бойынша модульдік БББ 2 негізгі бөлімнен тұрады: білім беру бағдарламасының ПАСПОРТЫ және мазмұны (Қосымша 13).

Академиялық дәрежелері:

– 6B01505 - «Биология мұғалімдерін дайындау» / 5B011300 - «Биология» білім беру бағдарламалары бойынша білім бакалавры.

Модульдік принципке негізделген 6B01505 - «Биология мұғалімдерін дайындау» / 5B011300 - «Биология» білім беру бағдарламасының құрылымы білім алушылардың моделі мен оқыту нәтижелерін қамтиды.

6B01505 - «Биология мұғалімдерін дайындау» / 5B011300 - «Биология» білім беру бағдарламасы бойынша білім беру үдерісін ұйымдастыруда БББ-ның мазмұнын таныту, оқу жоспарларын жасау, сынақ бірліктері (кредиттер) жүйесін, сәйкесінше білім беру технологияларын қолданудың модульдік қағидатына негізделген кредиттік - модульдік жүйе қолданылады. Кредиттік жүйе ҚР БЖҒМ 12.10. 2018 ж. №563 бұйрығымен бекітілген, оқу үдерісін ұйымдастыру Ережесіне сәйкес жасалған университет Ережесі негізінде жүргізіледі.

БББ-ның мазмұны мен құрылу логикасы ҚР БҒМ-нің нормативті талаптары мен университеттің ішкі ережелеріне негізделген. БББ-сын құрастырудың нақты ережелері жоғары білім берудің МЖМБС сай жүзеге асырылып отырған, меңгерілетін курстардың концепциясын бейнелейді, түлектердің кәсіби құзыреттілігін, біліктілігін анықтайды.

Міндетті пәндер тізімі берілген типтік оқу жоспарында кредиттер саны көрсетілген, базалық, профильдік және жалпы білім беретін циклдардың қатынасын реттейді, элективті курстар компоненттерінің көлемін анықтайды. Білім беру бағдарламасын құра отырып, нормативті және оқу құжаттарының тұтастығы білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін тиімді басқару механизмімен қамтамасыз етеді. Міндетті компонент бойынша білім беру бағдарламаларының мазмұны тиісті деңгейдегі МЖМБС талаптары мен үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді.

Оқу жоспарларын түзгенде педагогикалық бағытта кадрлар дайындауға қойылатын қазіргі заманғы талаптар мен аймақтық ерекшеліктер ескерілген.

6B01505 - «Биология мұғалімдерін дайындау» / 5B011300 - «Биология» білім беру бойынша мазмұны оқу бағдарламасының міндетті компоненттеріне қатысты 31.10.2018ж. № 604 МЖМБС талаптарына, үлгілік оқу жоспарларына, бағдарламаларға және университеттің нормативтік құжаттарына сай келеді және жұмыс оқу жоспарлары арқылы іске асырылған. Жұмыс оқу бағдарламада кредитпен мөлшерленген міндетті компонент бойынша әр пәннің жұмыстық көлемі беріледі, ал таңдау компоненті жалпы



Сыртқы аудит бойынша есеп - IQAA

кредит санымен берілуі мүмкін. Оқу жоспарының мазмұнын анықтауда элективті пәндер (ЭП) шешуші роль атқарады, теориялық білімдер мен кәсіптік құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған (Қосымша 15).

Кәсіптік практика білім алушының оқу жұмысының міндетті компоненті болып табылады. ББ ерекшелігіне сәйкес келесідей практика түрлері ұйымдастырылған: оқу-танысу, педагогикалық, дипломалды.

6B01505 - «Биология мұғалімдерін дайындау» / 5B011300 - «Биология» білім беру бағдарламасы бойынша 1 кредит көлемінде 1 апталық оқу-танысу практикасы жоспарланған. Көбіне «Құтарыс» елді мекенінде мамандық шығарушы «Жаратылыстану ғылымдары» кафедрасы оқытушыларының жетекшілігімен далалық жағдайда ұйымдастырылып, жүзеге асырылған.

Педагогикалық практикаға 17 кредит бөлініп, барлық, яғни 1-4 курстарды қамтиды. Жалпы білім беру (негізгі орта, жалпы орта, арнаулы білім мекемелері) ұйымдарына жіберілген. Педпрактикадан өту үшін қаладағы «Тұран» мектеп-гимназиясы КММ, №2 Ш. Уәлиханов атындағы ЖОМ, №8 Н. Оңдасынов атындағы ЖОМ, №1 М. Горкий атындағы мектеп-гимназия, Ғ. Мұратбаев атындағы Жетісай гуманитарлық-техникалық колледжі, №4 Абай атындағы мектеп-гимназия, Арыс гуманитарлық-техникалық колледжі, мектептермен келісімшарттар бар. (ҚР Білім және ғылым министрлігі «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» 2018 жылғы 3 қазандағы №595 бұйрығы).

Дипломалды практика дипломдық жұмысты жазатын барлық түлектер үшін бітіруші курста өткізіліп, жұмыстың жетекшісі арқылы бақыланған. Ұзақтығы - 2 апта (2 кредит). Нормативтік құжаттарға сай практиканың барлық түрлері бойынша жұмыс бағдарламалары және әдістемелік нұсқаулар жасалып бекітілген.

Білім беру бағдарламаларында студенттердің, кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыратын, шығармашылық қабілеттерін дамытатын, тұлғалық дамуына көмектесетін құрамдастар: студенттік үйірмелер, ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар мен мерекелік іс-шаралар, «»Педагогика және психология», «Бағалаудың өлшемдік технологиялары» т.б. міндетті және элективті пәндер, педагогикалық практика, жеке тапсырмалар, СӨЖ тапсырмалары.

Білім беру бағдарламасы ОӘҚ және ПОӘК толық қамтамасыз етілген. Талап етілетін құжаттардың барлығы талапқа сай рәсімделген. Оқытушылар 2019-2020 о.ж. дайындаған ПОӘК саны – 30. 2015-2020 о.ж. жарық көрген оқу-әдістемелік құрал саны -5.

Оқу жоспарларын тұтынушылар талаптарының талдауы нәтижесінде түскен ұсыныстар (5) есепке алынған. Жұмыс берушілердің ұсыныстары бойынша оқу жоспарына қосылған пәндердің тізімі: (2015-2016 ж.ж.) «Жеке даму биологиясы», «Өсімдіктер анатомиясы мен морфологиясы», «Өсімдіктер систематикасы», (2016-2017ж.ж.) «Иммунология», «Молекулалық биология», «Адам және жануарлар физиологиясы», (2017-2018 ж.ж.), «Экобиотехнология», «Экологиялық биология», «Микробиология және



Сыртқы аудит бойынша есеп - IQAA

вирусология», (2019-2020 ж.ж.) «Жердегі органикалық дүниенің дамуы», «Биотехнология», «Жаңартылған білім беру аясында қолданылатын әдістер», «Биологиялық есептер шығару әдістемесі».

ЭПК (элективті пәндер каталогы) білімгерлерге алтернативті элективті пәндерді таңдау мүмкіншілігін берген (Қосымша 16). ЭПК студент эдвайзердің басшылығымен өз қабілеттерін, өсу перспективасын, өндірістің және қоғамның сұранысын ескере отырып өзінің жеке оқу жоспарын түзгенде пайдаланады.

6B01505 - «Биология мұғалімдерін дайындау» / 5B011300 - «Биология» білім беру бағдарламаларының мақсаттары еңбек нарығының талаптарына негізгі және қосымша оқу траекторияларында өзін жүзеге асыруға қабілетті ұлттық біліктілік жүйесіне сәйкес биология саласында ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауға бағытталған. БББ-сы Ұлттық біліктілік шеңберімен, кәсіби стандарттармен сәйкестендіріле жасалған және сыртқы сараптау мен рецензиялаудан өткен.

6B01505 - «Биология мұғалімдерін дайындау» / 5B011300 - «Биология» білім беру бағдарламалары толық кредиттік жүйеге көшкен, сапалық деңгейі барлық талаптарға жауап береді. Білім алушының ұстанымы оның білім траекториясына қатысты бір курстан екінші курсқа өту үшін белгілі кредит жүйесін жинауы қажет. Трансферт және несиелік жинақтау жүйесі (ECTS) арқылы студенттің білім беру траекториясы, оқу пәндері (кредиті мен бағаларын қоса алғанда) салыстырылып, қажет болған жағдайда қайта сынақтан өткізіледі. Оқу жұмыс жоспарында осы мәселе қарастырылған.

Студенттердің оқу жүктемесінің еңбек сыйымдылығы оқу жоспарында көрсетілген аудиториялық (дәріс және практикалық сабақтар), аудиториядан тыс (өздік жұмыстары, практика түрлері) жұмыстардан тұрады. Студент оқу кезеңінде жалпы 205 кредит теориялық білім алуға, 21 кредит практикаға, 8 кредит дене шынықтыруға, 12 кредит мемлекеттік аттестация мен диплом жұмысын жазу мен қорғауға бөлінген. Студенттер бір академиялық кезең ішінде күндізгі оқу түрінде 16-30 кредитті меңгереді. Кешкі нысандағы студенттер 16-24 кредитті игереді. Қашықтықтан, қысқартылған оқу түрінде оқитындар 30 кредит игереді.

Республикалық КОТ-ның нормативті құжаттары бойынша академиялық сағат лекциялық, практикалық сабақтардың 50 минутына тең, ал зертханалық сабақ 100 минутқа тең. Оқу процесі СӨЖ сабағының әрбір академиялық сағаты 2 сағатқа созылады (100 минут). Сонымен, 1 кредит 45 академиялық сағатқа тең болады. Аудиториялық 1 академиялық сағат аудиторияда өткізілетін ОСӨЖ-дің бір академиялық сағатымен бірге жүреді, оның жартысы аудиторияда өткізіледі. Қысқартылған және жеделдетілген оқу түрлері бойынша қашықтықтан білім беру жүйесі жолға қойылған. Қашықтықтан оқыту үдерісіндегі технологияның 2 түріне негізделген: желілік технология (Platonus арқылы қамтамасыз етілген); кейстік технология.

2012 жылдан бастап оқу процесі кредиттік оқыту жүйесіне арналған "Platonus" АА жүйесіне көшірілген және қашықтықтан оқыту нысанына



Сыртқы аудит бойынша есеп - IQAA

көшуде қиындықтар болмаған, сондықтан ЖОО-ның барлық білім алушыларының Platonus платформасында оқуға мүмкіндігі бар. Жүйенің Интернет-адресі: platon.sirdariya.kz (немесе 89.218.153.154). ПОҚ еркін қол жетімді орналастырылған «Platonus» платформасындағы контентін толтырып, қашықтықтан оқытудың әзірленген алгоритмі бойынша аудио және бейне дәрістер дайындаған.

Оқу орны ақпараттарды жүйелі жинақтау, талдау және басқару негізінде студенттердің, қызметкерлердің және басқа да мүдделі тараптардың қатысуымен бағдарламаларға тұрақты бағалау жүргізіліп, нәтижесінде бағдарламалар олардың өзектілігін қамтамасыз ету үшін бейімделіп отырылған. 2019-2020 оқу жылында білім алушының білім беру траекториясына, ең алдымен, оқуды жалғастыру және келесі білім беру деңгейіне (жинақтау қызметі) өту мүмкіндігіне қатысты ұстанымын анықтау үшін, ECTS кредиттерін қолдану арқылы білім бағдарламасына ауысуға оңтайлы мүмкіндік туғызу мақсатында барлық оқу топтарының оқу жұмыс жоспарлары қайта қаралып, өтпелі оқу жұмыс жоспарлары әзірленген. Сонымен байланысты әр оқу жылында қабылданған студенттер үшін өтпелі элективті пәндер каталогы дайындалған (Қосымша 5).

ЖОО-да жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары мен қосымша кәсіби білім беру бойынша оқуды жалғастыру мүмкіндігінің бар екендігін көрсетеді.

6B01505 - «Биология мұғалімдерін дайындау» / 5B011300 - «Биология» білім беру бағдарламалары бойынша бітірушілер басқа жоғары оқу орындарында білім алуды ЖОО-дан кейінгі және қосымша оқу түрінде жалғастыра алады.

Оң тәжірибе:

БББ бойынша сапа менеджмент жүйесі ендірілуі және ойдағыдай жұмыс атқаруы. СМЖ процестерінің білім бері сапасын қамтамасыз ету мақсатында мониторингтелуі; білім беру бағдарламасының заманауи материалды-техникалық базасының болуы; тұтынушылардың білім беру бағдарламасына қоятын талаптары мен сұраныстары ескерілуі, студенттер және оқытушылар арасында тиісті сауалнамалардың жүргізілуі.

Білім беру бағдарламасының екінші стандарт бойынша сәйкестік деңгейі: 6B01505 - «Биология мұғалімдерін дайындау» / 5B011300 - «Биология» білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару – **толық сәйкестік.**

Стандарт 3. Студентке бағытталған оқыту, білім беру және бағалау

Дәлелдемелер және талдау

6B01505 - «Биология мұғалімдерін дайындау» / 5B011300 - «Биология» білім беру бағдарламасы бойынша басты пайдаланушысы осы мамандықта



Сыртқы аудит бойынша есеп - IQAA

оқитын студенттер болғандықтан, БББ іске асыруда олардың білімдік ықыластары мен тілектері негізінен ескеріліп отырған.

Үш тілді пайдаланатын жоғары білімді бакалавр даярлау мақсатында БББ пәндер: қазақ тілі - орыс тілі - ағылшын тілі, 50%-20%-30 % құрайды. Адам анатомиясы, Микробиология және вирусология, Биохимия, Өсімдіктер және жануарлар экологиясы, Биологиялық терминология, Өсімдіктер систематикасы, Иммунология, Биофизика, Өсімдіктер физиологиясы, Биотехнология т.б. пәндер ағылшын тілінде жүргізіледі. Ағылшын тілін үйрету курстары ұйымдастырылған.

Әр білімгердің білім траекториясы жеке оқу жоспарымен анықталады. Оқу бағдарламасын іске асыруда ПОҚ инновациялық технологияларды, оқытудың интербелсенді әдістері жүйелі түрде қолданады.

Студенттердің білімін, біліктіліктерін, дағдыларын және құзіреттерін бағалау оқытудың кредиттік жүйесі бойынша жүргізіледі. Студенттердің білімдік жетістіктерін бақылау және бағалау алуан түрлі бақылау тапсырмалар арқылы жүзеге асырылады (жазбаша жұмыстар, тесттер, практикалық және лабораториялық жұмыстар, ауызша сұрау және т.б.). Бақылау ағымдық, аралық және қорытынды болып бөлінеді.

Студенттердің оқу жүктемесі олардың жеке қабілеттері мен мүмкіндіктерін ескере отырып әзірленген. Оқу жұмыс жоспарына қойылатын пәндердің жүйелілігін сақтап, пәннің пререквизиті мен постреквизиттерін сақтай отырып қойылған. Студенттердің жеке оқу жоспарында оқыту деңгейі бойынша білім беру бағдарламаларының барлық элементтері мен компоненттері толық көрсетіліп отырған.

Оқу жүктемесі студенттің барлық оқу әрекетін қамтиды – дәрістер, семинарлар, курстық жұмыстар (жобалар), практикалық жұмыстар, кәсіптік практика, дипломдық жұмыс (жоба), өзіндік жұмыс, оның ішінде оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін жұмыс. Бір академиялық кезең - 15 аптаны, студенттердің апталық сабақ жүктемесі талапқа сай, бір оқу сабағының ұзақтығы - 50 минутты құрайды.

Оқу пәндеріне жазылудың нақты рәсімдері, оны жүзеге асыру мен сақтау тәжірибесі орын алған. Білімдік бағдарламаны меңгеру барысында бакалавр оқу жоспарын, элективті пәндер каталогын (БББ барлық оқу пәндері санының 54% құрайтын), эдвайзердің нұсқауларын басшылыққа ала отырып, өз бетінше жеке оқу жоспарын анықтайды. Жеке оқу жоспарларын есепке ала отырып студенттер мен оқытушылардың сабақ кестелері, СОӨЖ кестесі және оқытушылардың педагогикалық жүктемесі түзіледі. Кафедрада негізгі аудиториялық сабақтар кестесіне қосымша СОӨЖ және СӨЖ тапсырмаларын орындау және тапсыру кестелері түзіліп бекітілген, мұнда студенттердің белгілі пәннен жеке консультация алуына мүмкіндік болады.

Студенттердің сабақ сапасына қанағаттанарлық жайы бойынша элеуметтік сауалнама алу дағдыға айналған. Оқытушының оқу үдерісіндегі білім деңгейі мен кәсіби дәрежесін бағалауда «Білім алушылардың білім беру



Сыртқы аудит бойынша есеп - IQAA

нәтижелеріне қанағаттануы» атты сауалнамалар жүргізіліп, күшті және әлсіз жақтары, оқыту сапасына қанағаттанбау себебі анықталады.

Бақылаудың түрлеріне (емтихан, өз бетінше жұмыстар) бағалау критерийлері құрылған және сипатталған, ПОӘК құрамына енгізілген. Ағымдық және аралық бақылау, сондай-ақ аралық аттестаттау нәтижелерін білімгерлер университеттің порталы мен сайтынан көре алады. Студенттердің білім деңгейін тексеру процедурасы жоспарланған нәтижелерге және білім беру бағдарламасының мақсаттарына сәйкес келеді.

БББ студенттердің меңгеруіне сәйкес құрылымдық бөлімдердер қызметі ықпал етеді. Емтихан, сынақтар және бақылаудың басқа түрлері жайлы мәліметтердің ашықтығына және студенттердің ақпараттандырылуына ерекше назар аударылған.

Университеттегі тестілеу орталығы стандартталған тест тапсырмалары бойынша білімді тексеру процесін есепке алып және бақылап отырады.

Оқытудың күндізгі бөлімінде жалпы оқу кезеңі 240 кредитті құраса, оның 205 кредиті теориялық білім алуға, 21 кредиті практикаға, 8 кредиті дене шынықтаруға, 12 кредиті мемлекеттік аттестация мен диплом жұмысын жазу мен қорғауға бөлінген. Студенттер бір семестр ішінде 30 кредитті меңгереді. Оқу жүктемесі семестрлер бойынша келесі түрде бөлінген: 1- 6 семестрлерді – 30 кредиттен; 7.1 триместр - 20 кредит, 7.2 квартал -16 кредит, 8 семестр – педагогикалық және диплом алды практиканы құрайды. Білімгерлердің жылдық жүктемесінің қосындысы нормативтік көрсеткіштерге сәйкес келеді.

Білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврдың оқу жүктемесі контакттік жүктемеден және СӨЖ-ден тұрады. Кредиттік технология бойынша оқытуда ерекше орын алатын сабақ түрі – СОӨЖ, онда оқу материалын оқытушының басшылығымен оқып-үйрену процесі жүреді.

Әр студенттің академиялық жетістіктері бойынша, білім алушылардың жетістіктері туралы жүйелі жүргізілетін деректерді жинақтау, мониторингтеу мен ақпаратты басқарудың электронды базасы құрылған.

Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттаудың ішкі мониторингісі бір жүйеге түскен. Ол ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазанындағы №604 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын және білім беру бағдарламаларын меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында жүргізіліп отырады.

Емтихандар ауызша, жазбаша және тест түрінде өткізіледі. Бағалаудың критерийлері мен әдістері әділ, ашық, дұрыс және барлық студентке бірдей қолданылады. Ауызша түрде бір күнде екі немесе одан көп емтихан тапсыруға рұқсат етілмейді. Тест нысаны кезінде екі немесе одан да көп пәндердің бейіндік және жақындық принципін сақтай отырып, емтихан кешенді түрде өтуі де мүмкін.

Оқыту нәтижелеріне тұрақты түрде талдама жасалып отырады. Емтихандар ауызша, жазбаша және тест түрінде өткізіледі. Факультет



Сыртқы аудит бойынша есеп - IQAA

деканының өкімі бойынша ауызша емтихан алу рәсімі пән оқытушысының қабылдауымен жүргізіледі, жазбаша емтихан алу рәсімдеріне пән оқытушысынан бөлек тәуелсіз бақылаушы ретінде 1 оқытушы және тест түріндегі емтихан алу рәсімдеріне бірнеше тәуелсіз бақылаушылар қатысады.

Студенттердің білім деңгейін бағалау «Сырдария» университетінің СМЖ-нің «Оқу үлгерімін ағымды тексеру, аралық және қорытынды аттестациялау процесін басқару» құжатына сәйкес орындалады. Бұл құжат ҚР БҒМ 03.10.2018 жылы бекіткен №595 «Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын» ескереді. Білім бағалау осы құжаттарды негізге ала отырып жүзеге асырылады.

БББ пәндері бойынша аралық, ағымдық, қорытынды бақылау бағалары ААЖ univer web-сайтына ендірілген, студенттер мен олардың ата-аналары өз үлгерімінің нәтижесін біліп отырады.

Студенттердің өтінімін/апелляциясын қарастыруда қолданатын ресми рәсімдер бар. Білімгер емтихан аяқталып, нәтижелерін алған соң техникалық себепті немесе қорытынды бақылаудың бағасымен келіспейтін болса ережелерге сай апелляцияға береді. Апелляциялық комиссия шешімі хаттамамен рәсімделеді және оның негізінде емтихан тізімдемесі құрылады.

“Сырдария” университетінің оқытушылары мен студенттерінің Арнамыс Кодексі толық мазмұнымен арнайы сайттан танысуға мүмкіндік бар. (<http://sirdariya.kz/kk/node/77>)

Сыртқы академиялық ұтқырлық бойынша Тәжік педагогикалық институты (Тәжікстан), И. Арабаев ат. Қырғыз мемлекеттік университеті (Қырғызстан) және т.б. екі жақты халықаралық байланыс орнатылған. Университет пен Өзбекстан ЖОО арасында ынтымақтастық жайлы келісімшартқа сәйкес 2018 ж. қазан айында ӨР-ның Ғылым академиясы, «Өсімдік заттардың химиясы» институтының профессоры, б.ғ.д. Закирова Рано Полатовна 5B011300 - «Биология» БББ-ның 3 курс студенттеріне «Өсімдіктер физиологиясы» пәнінен дәрістер өткізген.

И. Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университетімен 5 жылға бірігіп жұмыс жасау туралы келісімшарт түзілген, оның негізінде АҰ-лық бағдарламасын дамыту мақсатында 16.09-04.10.2019 ж. аралығында Білім беру бағдарламаларында оқитын студенттердің контингенті Мадиева Аида Мамырбаевна 6B01505 - «Биология мұғалімдерін даярлау» БББ-ның 1 курс студенттеріне «Омыртқалылар зоологиясы» пәнінен 72 сағат көлемінде дәрістер өткізген. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша 2020 жылдың 7-14 ақпан аралығында Испанияның Валенсия политехникалық университетінен профессор Хавьер Родриго-Иларриды 6B01505 - «Биология мұғалімдерін дайындау» / 5B011300 - «Биология» білім беру бағдарламаларының 1-3 курс студенттеріне «Топырақтану негіздері» және «Қалдық заттарды қайта өңдеу» пәндерінен 36 сағат көлемінде дәрістер оқыған.

Ішкі академиялық ұтқырлық аясында біліктілікті көтеру мақсатында Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетімен



Сыртқы аудит бойынша есеп - IQAA

ынтымақтастық келісімшарт негізінде х.ғ.к., доцент А.М. Дуйсебекова 10.05-24.05.2017 ж. Аралығында «Адам және жануарлар физиологиясы», «Адам биологиясы» пәндерінен дәрістер оқыған (Қосымша 24).

Университетте студенттердің білім деңгейін кең көлемде бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі қолданылады. Межелік бақылау 8 және 15 апталарда жүзеге асырылады. Емтихан бағасы мен межелік бақылау нәтижесі біріктіріліп, қорытынды баға қойылады. Оқыту нәтижелері – құзыреттерді меңгеру деңгейін анықтайтын бақылау әдістерін қолдану (миникурстық, жобалық жұмыстар, таныстырылым, эссе, талдауды орындау және тапсыру) арқылы жүзеге асады.

2018 жылы Республикалық ЖОО студенттерінің ҒЗЖ байқауында 5B011300 - «Биология» БББ студенті Манамбай Әсел ІІ дәрежелі дипломмен марапатталған. Әр жыл сайын дәстүрлі студенттік ғылыми конференция өткізіледі. Ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысатын студенттер саны/ жарияланған ғылыми мақалалар, баяндамалар саны : **2015-2016 о.ж.** – 10/10; **2016-2017 – 11/9; 2017-2018 -14/11; 2018-2019 – 20/10; 2019- 2020 – 26/8.** Соңғы жылдары ҒЗЖ айналысатын студент саны артқанымен, жарияланым саны төмен. Халықаралық тағылымдама бойынша 5B011300 - «Биология» білім беру бағдарламасының 3 курс студенті Ташева Э. А. 2018-2019 оқу жылының бірінші жарты жылдығы Тәжікстан педагогикалық институтында оқып келген.

Студенттерді курстан курсқа өткізу университеттің ҒК белгіленген орташа GPA балдың шекаралық деңгейіне негізделіп орындалады. 1-курсты бітірген студенттер үшін аудармалы балл 1,5-тен, 2-курсты бітіргендер үшін 1,7-ден, 3-курсты бітіргендірі үшін 2,0-ден кем болмауы тиіс.

Ауыстыру, қайта қабылдау, академиялық демалыс беру академиялық қағидалары сақталған. Жазғы семестр академиялық қарызы бар студенттер үшін, академиялық демалыстан шыққан кезде жұмыс оқу жоспарындағы пәндер айырмасын тапсыру, оқуға қайта қабылдану, басқа ЖОО ауысып келу, бір мамандықтан басқа мамандыққа ауысу, қосымша оқудың жеделдетілген түрінде оқу ақылы негізде ұйымдастырылады. Жазғы семестрдың мерзімі 4-6 апта болып белгіленген.

3.2.17 Білім беру қызметінің сапасымен студенттердің қанағаттануы (сауалнаманың жүйелі жүргізілуі).

Университетте жыл сайын 1-4 курс студенттерінің арасында сауалнамалар жүргізіледі, оған негізінен күндізгі бөлім студенттері қатысады. Сауалнама нәтижесі бойынша түзілген есептерде білім беру қызметінің сапасымен студенттердің қанағаттануын жоғарылатуға бағытталған нұсқаулар берілген. Университеттің арнайы сайты бар (<http://sirdariya.kz/kk/node/11>), мұнда университет, білім беру бағдарламасы, бөлімшелер туралы жалпы ақпарат, хабарландырулар мен жаңалықтар беріледі. Ал Platonus ААЖ бойынша студенттер ОӘК, күнтізбе, емтахан тапсыру кестесі және басқа да оқу үрдісіне қажетті құжаттармен қамтамасыз етілген. Әрбір студентке



Сыртқы аудит бойынша есеп - IQAA

туындаған сұрақтары бойынша ректордың блогына хабарласуына мүмкіндік берілген.

Оң тәжірибе:

БББ аймақтағы оң имиджі - оқу процесінде интеграцияланған негізде инновациялық және дәстүрлі технологияларды қолданудың, интербелсенді құрылғыларды кеңінен пайдаланудың, оқу процесін ұйымдастыру сапасының тиімді болғандығы;

БББ сапасын жоғарылату жолында тұтынушылардың сұраныстарының мақсатты зерделенуі, түлектерге сұраныс бар;

Оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру процесінде қолдануға болатын студенттердің шығармашылықтық әлеуеті.

Ескерту: Кафедра ұсынған өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы есебінің SWOT-талдауында «БББ меңгеруге абитуриенттердің дайындық деңгейінің орташа болуы және университетті бітірушілердің карьералық өсуін талдау тәжірибесінің жеткіліксіздігі» негативті қабілеттің ішкі және сыртқы факторлары ретінде көрсетілген. Бұл мәселелердің тікелей аталмыш БББ қатысы бар. Себебі, 6B01505 - «Биология мұғалімдерін дайындау» / 5B011300 - «Биология» білім беру бағдарламаларын бітіруші түлектер осы аймақтың биолог кадрға деген сұранысын негізінен қамтамасыз етеді» деп есеп мазмұнында нақты атап өтілген және сыртқы бағалау кезіндегі сұхбат нәтижесінен де көрініс тапты.

Ұсыным: Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау стандарты мазмұнындағы жалпы студенттердің, бітіруші түлектердің білім жетістіктерінің нәтижесіне өзіндік сыни көзбен қарауға ықпал ету күшейтілсе.

Білім беру бағдарламасының үшінші стандарт бойынша сәйкестік деңгейі: 6B01505 - «Биология мұғалімдерін дайындау» / 5B011300 - «Биология» білім беру бағдарламалары студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау бойынша – елеулі сәйкестік.

Стандарт 4. Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау

Дәлелдемелер және талдау

6B01505 - «Биология мұғалімдерін дайындау» / 5B011300 - «Биология» білім беру бағдарламаларында талапкерлермен мектептің және ЖОО-ның көптеген жылдар бойы жүргізген жұмысының нәтижесінде осы БББ-сын саналы таңдаған «өз» талапкерлерін іріктеуге және дайындауға бағытталған жүйелі кәсіптік бағдар жұмысы қабылдау процедурасының нормативтік талаптарынан, кәсіби бағдар жұмыстарының формасынан құралған.

Талапкер тарту мақсатында кафедра тарапынан жыл сайын кәсіптік бағдар жұмыстары жүйелі жүргізілген (TV «САНУР», «Оңтүстік Қазақстан», «7 сыр» және «Жетісай», газеттерінде, ресми сайтқа (<http://www.sirdariya.kz> -



Сыртқы аудит бойынша есеп - IQAA

(*ӨӨБмЕсен*, Қосымша 18), ақпараттық стендтер ілу, қабылдау комиссиясының консультанттары арқылы, аудан көлеміндегі мектептер мен колледждердің оқушыларымен және кафедрада мектеп бітіріушілермен кездесулерде, ашық есік күндері шаралары барысында). Қабылдау университеттің академиялық саясаты негізінде жүргізілген (<http://old.sirdariya.kz/doc/academ-sayasat.pdf>).

Жыл сайын жарнамалық-ақпараттық буклет қайта шығарылған, видеороликтер түсірілген және дәстүрлі ауданаралық мектептер арасында пәндік олимпиадалар ұйымдастырылған (*ӨӨБмЕсен*, Қосымша 19).

Студенттер қатарына ену конкурсына қатысу үшін қажетті балдың минимал деңгейі (профильдік пән Биологиядан - 7 балдан төмен болмауы тиіс, қалған пәндер бойынша 5 балдан кем болмауы қарастырылған).

Биологиядан жалпы жаратылыстану ғылымдары бағыты бойынша ақысыз консультациялар беру ұйымдастырылған, колледжден кейін ЖОО-да білім аруды жалғастырғысы немесе екінші жоғары білім алғысы келетін абитуриенттерді қабылдағанда олардың кәсіби іс-тәжірибелік жұмыстары ескерілген.

Білім беру бағдарламалары беретін оқу шарттары, мүмкіндіктері, сонымен қатар, болашақ жұмысқа орналасу мүмкіндіктері сипатталған, талапкерлер үшін қолжетімді, ашық, нақты әзірленген критерийлер негізінде ЖОО-на қабылдау жүргізілген. Білім беру бағдарламалары бойынша білім алуға студенттерді қабылдаудың тұрақтылығын қамтамасыз ететін жағдайлар жасалған. «Педагогикалық ғылымдар» ҰБТ нәтижесі бойынша – кемінде 65 балл (2019 жылға дейін 50 балл), ЖЖОКБҰ-ға – кемінде 50 балл, оның ішінде Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы – оқу тілі бойынша – кемінде 5 балл және әр бейіндік пәннен кемінде 5 балл алуы қажет.

Университетке қабылдау ҚР БҒМ «Жоғары білім беру кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың типтік ережелері» және университет нормативтік-құқықтық құжаттарының жинағы негізінде жүзеге асырылған.

ЖОО-да бірінші курс студенттері үшін бағдарлау рәсімдері бар. Талапкерлерді білім беру бағдарламасына қабылдағаннан бастап топ кураторы мен кафедра оқытушылары олармен жүйелі жұмыс жүргізеді, бұл студенттердің академиялық мансабында ілгерілеуіне ықпал етеді деп саналған. 1-ші курс студенттері үшін талапқа сай анықтамалық-жолсілтеме дайындалған.

Алмасу бойынша басқа ЖОО-нан келген студенттердің БББ мен оқу-тәрбие жағдайына тез бейімделу мүмкіндіктері бар. Қабылдау Білім беру ұйымдарының типтері бойынша білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларына, университеттің сапа саясатына сәйкес жүзеге асырылған (www.okmpi.kz/kk/node/5630). Олардың алдындағы академиялық кезеңде зерделенген жұмыс оқу жоспарларындағы пәндердегі академиялық айырмашылықтар анықталған. Кредиттерді мақұлдау және қайта тапсыру БББ-н, меңгерілген пәндердің мазмұнын, көлемін, алған білімдерін,



Сыртқы аудит бойынша есеп - IQAA

икемдерін, дағдылары мен құзыреттіліктерін, оқыту нәтижелерін салыстыру негізінде жүзеге асырылған.

Білім беру бағдарламаларының түрлері мен білім беру деңгейлері бойынша студенттер контингентінің электронды базасында жеке оқу жоспарлары, силлабустар, ПОӘК материалдары және студенттердің қажетті контингентін тарту үшін ЖОО саясаты мен маркетингі, қабылдау шарттары және білім беру бағдарламаларына рұқсат берудің ерекше шарттары «Сырдария» университетінің сайтында орналастырылған.

БББ бойынша білім беру нәтижелерін, дипломдық жұмыстар мен жобалардың орындалуы мен қорғалуын бағалау кезіндегі студенттердің үлгерімі мен жетістіктерін мониторингтеу ретке қойылған. Тестілеу түрінде өткізілетін ағымдық, межелік бақылау және қорытынды аттестаттау студенттер рейтингінің негізгі параметрлері болып табылады. Ағымдық үлгерімге мониторинг жүргізгенде студенттердің кәсіби тұрғыдан жоғарылауына талдау жасалған, оқу процесінде алған теориялық білімдерін іс жүзінде нақтылауға міндетті. БББ бойынша 2015-2020 о.ж. оқыған студенттердің абсолюттік үлгерімі/сапасы: 2015-2016 – үлгерім 90,8%/сапа62%; 2016-2017- 91%/65%;2017-2018- 90,7%/68%; 2018-2019 - 89,9%/69%т және 2019-2020 - 90%/69%. Мемлекеттік стандарттардың талаптарына сай бітіруші курс студенттері базалық және бейіндік пәндер жиынтығынан мемлекеттік емтихан тапсырып, дипломдық жұмыс қорғаған.

Бітірушілердің жоғары кәсіби дайындықтарына олардың жұмысқа орналасу көрсеткіші дәлел бола алады. Қарастырылған БББ түлектеріне сұраныс бар. Аудан және облыс мектептерінде қызмет етіп келе жатқан мамандардың басым көпшілігі оқу орнын бітірген түлектер. Жұмыс берушілер тарапынан берілген оң мінездемелер бітірушілердің дайындық сапасына қанағаттанғандығын білдіреді деп санауға негіз бар. Түлектердің білім сапасына деген қанағаттанушылық жұмыс берушілерге жүргізілген сауалнама арқылы дәлелденген. Дипломдық жұмыстарды (жобаларды) орындау «Ғылыми жұмыстарды орындаудың жалпы талаптары мен ережелері» регламентіне сәйкес жүзеге асырылған.

Білім беру бағдарламасын іске асыру нәтижелері сандық индикаторлар арқылы бағаланады, олардың ішінде үлгерім көрсеткіштері: 2015-2020 жылдар арасында 99 бітірушіден 78-і тек жақсы және өте жақсы деген бағалармен оқыған, 7-еуі үздік диплом алған. 5B011300-"Биология" білім беру бағдарламасын жай және үздік бітірушілер туралы жалпы мәліметтер қосымшада келтірілген (Қосымша 29).

Білім беру нәтижелері мен құзыреттіліктері тек біліктілік деңгейінде ғана емес, жекелеген модульдер мен әр оқу пәні деңгейінде сипатталады. ЖОО-да білім беру бағдарламасы нәтижелерінің негізгі көрсеткіштеріне талдау мен бағалау жүргізіледі.

Кәсіби (пәндік-арнаулы және пәндік-мамандандырылған) құзыреттер мамандық бойынша таңдау модулін оқыту барысында қалыптасады: ботаника, зоология, адам анатомиясы, эволюция ілімі, өсімдіктер физиологиясы, адам



Сыртқы аудит бойынша есеп - IQAA

және жануарлар физиологиясы, биотехнология, сонымен қатар, кәсіби-бағдарланған пәндер: орыс тілі, шет тілі, т.б.

Кафедраның жұмыс берушілермен МББ дайындаудағы бірлесе жұмыс істеуі түлектердің жалпы мәдени және кәсіби құзыреттілігін ЖОО-ның мүмкіндіктері мен еңбек нарығының талаптарын ескере отырып қалыптастыру деңгейіне қойылатын талаптарды нақтылауға мүмкіндік береді. Модульдік білім беру бағдарламаларында тұжырымдалған құзыреттіліктер МЖМБС талаптарының дайындық ерекшелігін көрсетеді.

ЖОО-да білім беру нәтижелерінің негізгі көрсеткіштеріне талдау мен бағалау жүргізу: талапкерлерді конкурстық іріктеудегі талаптардың деңгейі; МЖМБС талаптарын орындауға бітірушілердің дайындық деңгейі; еңбек нарығында бітірушілердің сұраныс деңгейі; жұмыс берушілердің пікірлері.

БББ бітірушілерге оқудың контексті, деңгейі, мазмұны мен мәртебесі, игерілген және табысты аяқталған, студенттің жеке траекториясы және ұтқырлығы есепке алынған жоғары білімі туралы дипломға қосымша беріледі. Дипломға қоса берілетін еуропалық қосымша немесе Diploma Supplement академиялық және кәсіби ұтқырлықты қамтамасыз етудің тиімді құралы болып табылады.

Ағымдық мониторингтеу мен нәтижелерді қамтамасыз ету стандартталған әдістердің, жекелей алғанда, студент өзінің тәуелсіз бағалауын беретін сәйкестендірілген сауалнамаларды қолдана отырып, әр пәнге қатысты сауалнаманы жүргізу әдісі бар.

БББ бойынша студенттердің дипломдық жұмыстарды және жобалары орындау кезінде иемдену деңгейін бағалау үшін "Антиплагиат" лицензиялық бағдарламасы қолданыста болған (<https://antiplagiat.ru>) 27.02.2020 ж. № 2258 соңғы лицензиялық шарт, ЭЕМ арналған бағдарламаны мемлекеттік тіркеу туралы РФ № 2012660173 куәлігі " Антиплагиат.ЖОО»).

«Дипломнан кейінгі сүйемелдеуді» дамыту (верификация кезеңі), дайындық сапасын жақсарту саласында түлектермен және жұмыс берушілермен өзара іс-қимылдың тиімді тәсілдерін қолдану мақсатында, сапалы мамандарын дайындау үшін кафедра «Түлектер ассоциациясы» аясында түлектер кездесуін ұйымдастырған (Университет Регламенті: <http://sirdariya.kz/tulek-pikir>). Кафедра жыл сайын мамандықтың жарнамалық-ақпараттық парақшасын шығарған. Әлеуетті жұмыс берушіні тарту мақсатымен әр жылдың сәуір айында бітірушілердің түйіндемесі көрсетілетін жұмыспен қамту жәрмеңкесін өткізіп отырған.

Оң тәжірибе:

Компьютерлік өңдеуді қолдану арқылы емтихандарды қабылдау формаларының көптүрлілігі. Емтихандық сессия тапсыру кезіндегі жоғары көрсеткіштер. Сыртқы ортадағы өзгерістерді ескеру мақсатында элективті пәндер тізімінің жүйелі жаңартылуы.

Ескерту: жоғары білімнің, оқу кезеңінің және алдағы оқудың, формалды емес және бейресми оқытудың тануын қоса есептегенде, тану туралы Лиссабон Конвенциясына сәйкес әрекеттерді қамтамасыз етуге және



Сыртқы аудит бойынша есеп - IQAA

келісілген тануды қамтамасыз ету үшін сапаны қамтамасыз ету бойынша агенттіктермен және ENIC/NARIC ұлттық орталықтарымен ынтымақтастыққа негізделген біліктілікті тану тәжірибесінің жолға нақты қойылмауы, аттестаттау іс-шаралары кезінде шетелдік тәжірибені қолданудың жеткіліксіздігі.

Ұсыным: аттестаттау іс-шаралар нәтижелерінің тиімділігін жоғарылату үшін емтихандарды кешенді түрде өткізу қажеттілігі ескерілсе;

Ынтымақтастыққа негізделген біліктілікті тану тәжірибесін нақты жолға қойылуына, аттестаттау іс-шаралары кезінде шетелдік тәжірибені қолдануға мақсатты түрде көңіл бөлінсе.

Білім беру бағдарламасының төртінші стандарт бойынша сәйкестік деңгейі: студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау - елеулі сәйкестік.

Стандарт 5. Профессорлық-оқытушылық құрам

Дәлелдемелер және талдау

Мамандық бойынша кәсіби кадрларды қызметке қабылдау 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚР Еңбек Кодексі және ҚР «Білім туралы» Заңына, сондай-ақ ҚР БҒМ 2017 жылы 26 маусымдағы № 305 «ЖОО ПОҚ мен ғылыми жұмысшыларды конкурстық негізде орналастыру Ережелерін бекіту туралы» бұйрығына және «Сырдария» университетінде қабылданған «Кадр саясаты» ережесіне (28.08.2019ж. №1 хаттама) сәйкес жүзеге асырылған. ПОҚ үміткерлерді қызметке орналастыру Университеттің конкурстық комиссиясында іріктелген. Барлық кадрлық рәсімдер бұйрықтарда көрсетіліп, өз уақытында қызметкерлерге жеткізілген.

Оқытушылар 3 жылда бір рет кафедрадағы қызметінің талаптарына сәйкестігі бойынша аттестациядан өтеді. ПОҚ жұмысқа «Сырдария» университетінің ғылыми педагогикалық қызметкерлерінің бос лауазымдарға конкурс жүргізу туралы ереже негізінде қабыланады. (<http://sirdariya.kz/index.php/kk/node/18>).

Кадрлардың жиі ауысуын төмендету мақсатында ынталандыру жүйесі бар: ПОҚ қызметіне мониторинг жүргізілуі, жалақыға үстемақы белгіленуі, алғыс хаттармен марапатталу және белгілі жетістіктерге байланысты немесе мерекелік күндергі ақшалай сыйақымен ынталандыру.

6B01505 - «Биология мұғалімдерін дайындау» / 5B011300 - «Биология» білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруға тікелей қатысатын барлық оқытушылардың базалық білімдері және ғылыми бағыттары бағдарлама профиліне сәйкес келеді. Аталған білім беру бағдарламалары бойынша мамандарды даярлауды 9 профессор-оқытушылар жүргізеді, олардың ішінде 6 ғылым кандидаттары, 3 ғылым магистрлері, оның барлығы аға оқытушы. Штаттық ПОҚ - 9, қосалқы жүктемедегі ПОҚ -3.



Сыртқы аудит бойынша есеп - IQAA

Оқытушылар 3 жылда бір рет кафедрадағы қызметінің талаптарына сәйкестігі бойынша аттестациядан өтеді. ПОҚ жұмысқа «Сырдария» университетінің ғылыми педагогикалық қызметкерлерінің бос лауазымдарға конкурс жүргізу туралы ереже негізінде қабыланады (<http://sirdariya.kz/index.php/kk/node/18>).

Білім беру қызметін лицензиялаудың біліктілік талаптарына сәйкес профессор-оқытушылар құрамы бар, білім беруді лицензиялаудың біліктілік талаптарына сәйкес құралған. Кафедра штатында ғылыми дәрежесі және атағы бар оқытушылар 69%-ды құрайды, барлығының базалық педагогикалық білімі және ғылыми дәрежесі мен атағы сәйкес келеді.

Білім беру бағдарламаларының бейіні бойынша тиісті мамандар және олардың базалық білімі, ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағының мамандық шифрына, 6 айдан кем емес біліктілікті арттыру курстарының немесе заманауи кәсіпорындардағы тәжірибелік өтілі сәйкестігі бар. Оқытушылардың сапалық құрамы, олардың ғылыми атақтары мен дәрежелері білім беру бағдарламасының профиліне сәйкес келеді.

Оқытушының оқу жүктемесі штат кестесі мен студенттер контингенті ескерілген жұмыс оқу жоспарларына орай құрылған. Оқу жүктемені жоспарлау тәртібін және оқытушылардың жылдық педагогикалық жүктеме көлемін нормативтік құжаттар негізінде оқу бөлімі анықтайды.

Оқытушының жеке жұмыс жоспарының құрылымында білім беру бағдарламасы іске асыру жұмыстарының барлық түрлері қамтылған. Оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және тәрбие жұмыстарын қажетті тепе-теңдікте ұстау үшін оқытушылардың қызметі жоспарлы сипатта жүргізілген. Оқытушының қызметі оқу жылының соңында бағаланады, оны кафедра мәжілісінің хаттамалары, кафедра меңгерушісінің оқытушының жеке жоспарында жазған қорытындылары растайды.

Тепе-теңдікке педагогикалық жүктеменің ғылыми жұмысқа: әр аптаға кітапхана, кафедра үшін күніне бірнеше сағат (күнделікті жұмыс күнінің сыйымдылығына қарай) тиімді бөлінуі есептеледі. Оқытушының жеке жүктемесіне оқу жүктемесінен басқа келесі жұмыс түрлері кіреді: оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және тәрбиелік.

Әкімшілік оқытушылардың жүктемесі мен кестесін құрастыруда білім беру мен кураторлықтың арасында теңдікті ұстауға және ғылыми-зерттеу, оқу-әдістемелік жұмыстармен оңтайлы айналысуына мүмкіндік беруге тырысады. Бакалавриат пәндерінің жеке жүктемесі мен оқу сағаттарының (кредиттердің) саны оқытушылар арасында дәрежесі мен біліктілігіне сәйкес бөлінеді.

6B01505 - Биология мұғалімдерін дайындау / 5B011300 - «Биология» білім беру бағдарламасы бойынша мамандар даярлайтын оқытушылардың педагогикалық жүктемесінің жылдық көлемі ғылым кандидаттары үшін 25 кредит (750 сағат), магистр-оқытушылар үшін де 25 кредит (750 сағат).

Университет оқытушылары бағдарламаны жүзеге асыру сапасын қамтамасыз ету үдерісіне белсенді түрде тартылған. Осыған байланысты оқытушылар элективті курстарды бағдарламаға енгізуге бастамашылық

жасауға құқылы; университеттің Ғылыми Кеңесі, Ғылыми-әдістемелік кеңесі, әдістемелік комиссиясы, факультет кеңесі комиссияларының жұмысы шеңберінде ішкі сарапшылар ретінде тартылады; оқу құжаттарын, бағдарламаға арналған құралдарды әзірлейді, оқыту нәтижелерін анықтайды, курстық және бітіру жұмыстарының тақырыбын ұсынады; оқыту әдістемесін таңдауға мүмкіндігі бар; кәсіптік практикаға және бітіру жұмыстарына басшылық етеді; оқу-әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмыстарын жүргізеді.

Білім беру сапасының ішкі жүйесін қамтамасыз етуге оқытушылардың тартылу деңгейіне сай олардың СМЖ жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге, сондай-ақ алқалы органдардың отырыстарында және сауалнама арқылы бағдарламаны ұйымдастыру және басқару жүйесі мәселелері бойынша өз пікірін білдіруге мүмкіндігі бар.

Білім беру сапасын бағалау және мониторинг бөлімі профессор-оқытушылар құрамының қызметіне жыл сайын сараптамалық мониторинг жүргізіп отырады. Кафедрада оқытушылардың қызметін жоспарлы бақылау, сабақтарға қатысу, жоспарлы социологиялық сауалнамалар арқылы тұрақты бағалау жүргізеді. Университет ішілік аттестаттау кезінде оқытушыларды кешенді бағалау шарасы жүргізіледі. Аттестаттау форматы: 1) оқытушының соңғы үш жылдағы ғылыми, оқу және әдістемелік жетістіктерін талдауды; 2) деканның, кафедра меңгерушісінің және факультеттің білім алушыларының оқытушының кәсіби деңгейі туралы пікірін бағалауды; 3) сабақтарды өткізу сапасын сараптауды қамтиды.

ПОҚ атқарған қызметтерінің қорытындысына қарай «Сапа менеджменті және мониторинг» бөлімі оқытушының рейтингін анықтайды. Алынған рейтингке байланысты ПОҚ жалақысына үстемақы қосылып, сыйақылар мен басқа да алғыс хат, марапатту секілді ынталандыру шаралары жүргізіледі. Өткізілген сабақтардың сапасы Оқу-әдістемелік бөлім тарапынан бақыланады. Кафедраның жұмыс жоспарында оқытушылардың ашық сабақтары жоспарланып, өзара сабаққа қатысу кестесі түзілген.

Оқыту сапасын көтеру және тәжірибелі оқытушылардың практикасын тарату мақсатында кафедрада өзара сабаққа қатысу және ашық сабақтар кестелері құрастырылған және бекітілген (№ 1 хаттама, 27.08.2019). Ашық сабақтар кафедра мәжілісінде талданып (№ 5 хаттама, 28.12.2018 ж.), ол тіркеу журналы уақтылы толтырылған. Дәріс оқу сапасының тиімділігін бағалауда оқытушылар өзара сабаққа еніп, тәжірибе алмасып, ашық сабақтар өткізген. 2016-2017жж.- 8, 2017-2018жж.- 9, 2018-2019жж.-9, 2019-2020жж.- 7 ашық сабақ өткізілген.

2019 жылы кафедраның 3 оқытушысы «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығынан, қалған 6 оқытушысы университеттің жоспар-кестесіне сәйкес біліктіліктерін арттырған. Жалпы жыл сайын ПОҚ-ның 20% біліктілікті арттыру курсынан өтеді (Қосымша 37). Университетте кәсіби және педагогикалық шеберлігінің жоғарылығы, ғылыми нәтижелері мен өз ісіне берілгендігі үшін оқытушыларды ынталандыру жүйесі қолға алынған. ПОҚ



Сыртқы аудит бойынша есеп - IQAA

алғыс хаттармен, ақшалай сыйлықтармен, медальдармен марапатталып отырған.

Кафедраның ғылым магистрі, аға оқытушысы Абдукадирова Гулчехра Абдусаматқызына 2019 жылғы 26 маусымдағы "Білім өркениеті" ұлттық-инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен өткен «Жылдың жүз үздік биология пәні мұғалімі» атты республикалық байқауының I дәрежелі дипломымен марапатталған (Қосымша 5).

«Тыңайтқыштар мен фитогормондардың ауылшаруашылығы өсімдіктерінің физиологиялық-биохимиялық көрсеткіштеріне әсерін зерттеу» тақырыбындағы жоба 2 шаруа қожалықтарын қамтыған: «Сырдария» университеті инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы, «Экологиялық ғылыми-зерттеу» сынақ зертханасы мен «Аужан-Ата» ШҚ арасында іске асыру мерзімі 03.07.2019 жыл болған жобаның қаржыландыру көздері, мәміле сомасы - 1 500 000 теңгені құраса, «Қаршыға» ШҚ - 01.07.2019 жылы жүргізіліп, 500 000 теңгені құраған.

Университет басшылығымен импакт-факторы ноль емес журналдарда жариялануды ойластыратын оқытушылардың ғылыми-ізденіс жұмыстарын белсендіру мақсатында осы бағыттағы іс-әрекеттеріне қолдау көрсету қарастырылған.

2015-2020 жж. аралығында жарияланған еңбектер саны 9: импакт-факторы ноль емес журналдарда – 2; отандық ғылыми басылымдарда – 3; ғылыми журнал «Студенческий Вестник. Интернаука» баспасының жариялануында - 4.

Кафедра оқытушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері оқу процесіне элективті пәндер, дипломдық жұмыстар дайындау, оқу құралдарын жазу, ғылыми мақалалар, оқу-әдістемелік кешендер түрінде ендірілген. Ғылыми жұмыс нәтижелері, электронды оқулықтар және оқу-әдістемелік құралдарды жоғары оқу орнының оқу процесіне енгізіліп, элективті курстардың негізіне айналған (2019 жылдың өзінде 7 акт енгізілді) (Қосымша 32).

Кафедра ПОҚ дәріс, практикалық, СОӨЖ және СӨЖ өткізу кезінде міндетті түрде электрондық оқу материалдарын әзірлеудің әртүрлі әдістерін қолданады: мультимедиа технологиялары, кейс-стадий технологиясы, пәндерді оқыту кезінде бейнематериалдарды қолдану.

Оң тәжірибе: халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференцияларға қатысудың бар болуы, кафедра оқытушыларының біліктілікті жоғарылату бойынша ұйымдастырылған республикалық конкурстарына қатысуы; білім беру бағдарламасын жүргізетін ПОҚ ғылыми дәрежесінің жеткілікті деңгейде болуы мен олардың потенциалдық мүмкіндіктері, кафедраға магистранттардың қабылдануы және жас, перспективті оқытушыларға әлеуметтік, моральдік қолдаудың жасалуы.

Ескерту: халықаралық байланыстардың орнатылуының жеткіліксіздігі; мемлекеттік және басқа көздерден қаржыландырылатын ғылыми гранттар алу конкурстарына БББ-сы профессор-оқытушылары қатысуының есептегі



Сыртқы аудит бойынша есеп - IQAA

жылдар аралығында қатысуы деңгейінің төмендігі; үлкен жастағы ғылыми дәрежесі мен атағы бар оқытушылардың басымдығы; Қазақстанның жетекші оқу орындарында және шетелдік ЖОО ПОҚ ғылыми стажировкада болмауы.

Импакт-факторы ноль емес журналдарда жариялануы (барлығы 2: 2015 жылы -1 мақала; 2016 ж. -1 мақала) және отандық ғылыми басылымдарда (барлығы - 3) жариялануының көрсеткіші 2015-2020 жылдар аралығында жоғарыламаған, керісінше төмендеу жайы мен мүлдем болмауы орын алған.

Бітіртуші кафедра оқытушыларының соңғы 5 жыл ішінде ғылыми басылымдарда 69 мақалалары жарық көргенімен (2015-2016 о.ж. мақала саны – 10; 2016-2017 – 14; 2017-2018 – 20; 2018-2019 – 33 және 2019-2020 – барлығы -5 мақала), шетелдік және отандық ғылыми басылымдарда жариялануы көрсеткішінің жайы төмен.

Ұсыным: 6B01505 - «Биология мұғалімдерін дайындау» / 5B011300 - «Биология» білім беру бағдарламаларының 2015-2016/ 2016-2017/2017-2018/2018-2019/2019-2020 оқу жылдары бойынша мамандандырылған ұлттық аккредиттеу стандарттарының өлшемдеріне сәйкестігі тұрғысынан өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы есепте «Университет басшылығы импакт-факторы ноль емес журналдарда жариялануды ойластыратын оқытушылардың ғылыми-ізденіс жұмыстарын белсендіру мақсатында, осы бағыттағы іс-әрекеттеріне қолдау көрсетеді» деп атап өтілген.

Кафедраның профессор-оқытушыларына таяу уақытта осы мүмкіндікті мүмкіндігінше толықтай пайдалану ұсынылады. Егер кафедраның профессор-оқытушыларының импакт-факторы ноль емес журналдарда жариялануы жоғары деңгейде болса, онда сол жарияланымдарынан дәйектердердің келтірілуі де орын алатыны ақиқат.

Білім беру бағдарламасының бесінші стандарт бойынша сәйкестік деңгейі: профессорлық- оқытушылық құрам - елеулі сәйкестік.

Стандарт 6. Оқу ресурстары және студенттерді қолдау

Дәлелдемелер және талдау

Студенттердің білімдік, жеке және мансаптық қажеттіліктерін жүзеге асыруда оларды қолдау үшін қызмет көрсету құрылымдары - университеттің ресурстары, оның ішінде электрондық ресурстар залдары бар ғылыми кітапхана, жатақханалар, әрбір оқу корпусындағы асханалар мен буфеттер, спорт залдары қолжетімді.

Студенттерге білім бағдарламасын меңгеруге көмек беретін білікті эдвайзерлер, кураторлар, кеңесшілер бар құрылымдық бөлімдері, студенттерді қолдау қызметтері бар.

Офис-тіркеуші қызметі келесі қызмет түрлерін атқарады: білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеу; академиялық топтар мен лектерді қалыптастыру; студенттердің жеке оқу жоспарларын тіркеу; Білім



Сыртқы аудит бойынша есеп - IQAA

алушыларды аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу; академиялық ұтқырлық шеңберінде жеке жоспарлардың орындалуын есепке алу; жазғы семестрді ұйымдастыру; ақпараттық білім беру ресурстарының деректер базасын құру. Студенттер университет сайты арқылы («Platonus» жүйесі) оқу пәндері бойынша аралық бақылау, емтихан тестілеу бағдарламасы орналастырылған білім беру порталына кіре алады. Студенттерге білім бағдарламасын меңгеруге кафедраның білікті эдвайзерлері (пәндерді таңдау, оқу процесін ұйымдастыру), кураторлар, кеңесшілер, құрылымдық бөлімдердің қызметкерлері көмек береді. Университет кітапханасы (электронды кітапхана) оқу үдерісін, ғылыми-зерттеу және тәрбие жұмысын әдебиеттермен және басқа да құжаттармен, сондай-ақ түрлі кәсіби қызмет саласындағы жетістіктер туралы ақпаратпен қамтамасыз етуге арналған.

